

DOI 10.54596/2958-0048-2024-4-233-242

ӨОЖ 372.46

FTAMA 16.21.61

ӨЗДІК ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ КІЛТІ

Абдуова Б.С.^{1*}

^{1*} «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, Астана, Қазақстан

*Хат-хабар үшін автор: Bayan1968@mail.ru

Аңдатпа

Тіл – ұлттық қазына, ұлттық қазынаны ұрпақтан ұрпаққа мұра ету, өз еңбегін ұстаздық қызметке арнаған әрбір адам үшін маңызды. Еліміз егемендіктің туын дербес мемлекет ретінде желбіреткелі де отыз жыл уақыт өтті, дегенмен мемлекеттік тіл мәртебесін арқалаған қазақ тілінің жағдайы менің ғана емес, кез келген ұлт жанашырының ойын мазалайтын мәселе екендігі сөзсіз. Орыс тілді аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету үдерісі мектеп қабырғасынан бастап, жоғары оқу орнына дейін тиісті бағдарлама шеңберінде жүргізіледі. Бірақ көпшіліктің базалық деңгейде де меңгере алмай келе жатқандығын мемлекеттік тілдің қоғамдық ортадағы қолданысынан-ақ аңғарамыз. Оның үстіне өзіміздің қарақөз ұрпақтарымыздың арасында әдеби нормадан ауытқу, сөзді бұзып сөйлеу, тіл мәдениетін сақтамау, өзге тілдің ықпалына бой алдыру секілді келеңсіз жайттар көбейіп кетті. Оның себебін қалай түсіндіреміз? Қай жерде қателік жіберіп жатырмыз? Бұл мәселенің бір ұшы бүгінгі техникалық даму үдерісіне, онымен сабақтасып жататын БАҚ, әлеуметтік желі мен ғаламтор әлеміне қатысты. Мән-мағынасы түсініксіз кірме сөздердің қаптауы, жасанды интеллекттің көмегімен қалыпқа аудармалардың көбеюі, әдеби көркем сөйлеуге деген талаптың төмендеуі сияқты факторлар адамдарды ішкі сезімдерін, жауапкершілігін төмендетіп тастағаны сөзсіз. Тіл мәдениетін сақтау, әдеби тіл нормасын бұзбау, көрікті ойды көркем жеткізу мемлекеттік тілді дамытуға қойылатын талаптар болып қала бермек.

Кілт сөздер: өздік жұмыс, қазақ тілі, тіл мәдениеті, әдеби норма, жастардың тіл мәселесі, тіл сауаттылығы.

РАЗЛИЧНЫЕ ВИДЫ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ – КЛЮЧ К РАЗВИТИЮ ЯЗЫКОВОЙ КУЛЬТУРЫ

Абдуова Б.С.^{1*}

^{1*} НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Астана, Казахстан

*Автор для корреспонденции: Bayan1968@mail.ru

Аннотация

Язык – национальное достояние, наследие национального достояния из поколения в поколение, важно для каждого человека, посвятившего свой труд преподавательской деятельности. Прошло тридцать лет с тех пор, как наша страна разведала флаг суверенитета как самостоятельное государство, но состояние казахского языка, которое закрепило за собой статус государственного языка, несомненно, волнует не только меня, но и любого сочувствующего нации. Процесс обучения русскоязычной аудитории государственному языку ведется в рамках соответствующей программы, начиная со школьной скамьи и заканчивая вузом. Но мы видим, что многие не могут овладеть этим и на базовом уровне. Более того, среди наших каракозских потомков стали появляться такие неприятности, как отклонение от литературной нормы, нарушение речи, несоблюдение языковой культуры, поддавание влиянию другого языка. Как мы объясним, почему? Где мы совершаем ошибку? Один из выводов этой проблемы касается сегодняшнего процесса технического развития, мира СМИ, социальных сетей и интернета, которые с ним связаны.

Несомненно, такие факторы, как обволакивание непонятных по смыслу слов, увеличение количества калкет-переводов с помощью искусственного интеллекта, снижение требований к литературно-художественной речи, снижали внутренние чувства людей, их ответственность. Сохранение языковой культуры, не нарушение норм литературного языка, художественное изложение живописной мысли остаются требованиями к развитию государственного языка.

Ключевые слова: самостоятельная работа, казахский язык, языковая культура, литературная норма, культура речи молодежи, языковая грамотность.

VARIOUS TYPES OF INDEPENDENT WORK ARE THE KEY TO THE DEVELOPMENT OF LANGUAGE CULTURE

Abduova B.S.^{1*}

^{1*}*L.N. Gumilyov Eurasian National University NPLC, Astana, Kazakhstan*

**Corresponding author: Bayan1968@mail.ru*

Abstract

Language is a national treasure, a legacy of national heritage from generation to generation, it is important for every person who has devoted his work to teaching. Thirty years have passed since our country flew the flag of sovereignty as an independent state, but the state of the Kazakh language, which secured the status of the state language, undoubtedly worries not only me, but also any sympathizer of the nation. The process of teaching the Russian-speaking audience the state language is conducted within the framework of an appropriate program, starting from school and ending at the university. But we see that many people cannot master this at a basic level. Moreover, such troubles began to appear among our Karakoz descendants as deviation from the literary norm, speech disorders, non-observance of linguistic culture, and succumbing to the influence of another language. How do we explain why? Where do we make a mistake? One of the conclusions of this problem concerns the current process of technological development, the world of media, social networks and the Internet that are associated with it.

Undoubtedly, factors such as the enveloping of incomprehensible words, an increase in the number of kalket translations using artificial intelligence, a decrease in the requirements for literary and artistic speech, reduced people's inner feelings and their responsibility. Preservation of linguistic culture, non-violation of the norms of literary language, artistic presentation of pictorial thought remain requirements for the development of the state language.

Keywords: self-work, kazakh language, linguistic culture, literary norm, language issues among youth, language literacy.

Кіріспе

Кез келген халықтың қатынас құралы – тіл. Тіліне қарап – ұлтын тану, сөзіне қарап – ойын білу, нәтижесінде адамның өй-өрісін, ақыл-парасатын, ішкі болмысын, рухани байлығына қанығу бұрыннан келе жатқан дағдылардың бірі екендігі сөзсіз. Адам бар жерде тіл мәдениеті көрініс табады, яғни адам да, тіл де бір-біріңсіз өмір сүре алмайды. Кез келген халықтың өзіне қадір тұтатын тілі бар, ол қарым-қатынас құралы ананың үнімен құлағына келіп ұялайды. Ананың сүтімен ол тілге деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш, жауапкершілік дағдылары қалыптасады. Ана тілінің тазалығын сақтау, оның көркемделе түсуіне өзіндік үлес қосуға деген азаматтық пиғыл әр адамның бойына дарып жатса, ол халықтың тілі ешқашан өлмейді. Ғасырлар бойы атадан мирас болған дана ойлар мен салиқалы тұжырымдар тіл арқылы жеткен, тіл ұлттық қазынаны сақтаған.

«Өнер алды – қызыл тіл» деген түйінді ой жасаған қазақ халқы адамның сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Мемлекеттік тілді меңгеру мектеп қабырғасында басталып, жоғары оқу орындарында шегеленіп, еңбек ортасында тіл мәдениетінің биігінен көрінуді талап ету – еліміздің ұстанып отырған стратегиялық бағыттарының бірі. Біздерге, жоғары оқу орындарының тіл мамандарына, сабақ беретін студенттерімізге қазақ тілін жетік меңгерту талап етіледі. Сондағы басты бағытымыз – білім алушыларды сауатты сөйлеп, түсінікті, құлаққа жағымды, мазмұны тартымды мәтін құрастыра білуге, әдеби норма талаптарын жақсы меңгеруге баулу.

Материалдар және зерттеу әдістері

Осы еңбегімізде тақырыптың жан жақты ашылуы үшін шолу, салыстыру, талдау, жинақтау, сипаттау әдістерін қолдандық. Жұмысты жазу барысында осы әдістер негізінде өздік жұмысты ұйымдастырудың оқыту үдерісіндегі аса маңызды бөлігі болатындығын бағамдадық.

«Оқу құралдарының ішіндегі ең қымбаты – оқу кітаптары. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап – серік, мұғалімге құрал – серік. Құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», – деп айтқан ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осы ойын [1, 262] дәріс оқуға дайындық барысында әрқашан назарда ұстау қажет. Жастарға сапалы да сіңімді білім беру үшін ең алдымен оқу құралдарын дұрыс іріктеп, ұтымды тандалған тақырыптар және мазмұнды мәтіндермен қаруланып алу қажеттігін өз тәжірибемізден түйдік.

Білім, мәдениет, адамдық өлшем, тұлға боп қалыптасу секілді қасиеттердің бәрі ана тілінің бойға сіңуімен, ойға тоқылуымен қалыптасады. Өйткені, тілді – ұлттық ерекшелігіміз, болмысымыздың тұтастығы, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табуға тиісті асыл мұрамыз деп білеміз. Қазақ тілін барынша дамыту, шұбарламау, оны жастардың жетік меңгеруіне ерекше ден қою ешқашан тасада қалмау керек.

Әрине, тілді меңгерудің өз қиындықтары бар. Тіл өзінің қалыптасу мен қолданыс аясының кеңею, қадыр-қасиетін мойындату жолында көптеген асуды бағындырып, от пен суды кешті. Тұрпақтылық пен өзгерістерді қабылдай отырып, жаңартылды. Соңғы жылдардағы қазақ тілінің даму үдерісіне терең бойлай білмеген адам оны түсіне де, үйрене де алмайды.

Тіл өнерін барлық өнердің асылы ретінде бағалаған аға буынның бүгінгі жастарға айтар ақыл-кеңесі біреу – туған тілдің қадірін білу.

«Бұдан 20-30 жыл бұрын, әдеби тілдің енді қалыптаса бастаған кезеңінде біреу біліп, біреу білмейтін, не көп қолданылмайтын мыңдаған сөздер әдеби тіл қазынасына енді, жарыса, қатарласа айтылатын түрлі сөздер мен грамматикалық тұлғалар көбейді. ... Кейбір жазғыштар әдеби тілге үш қайнаса сорпасы қосылайтын сөздерді «біздің елде айтады» деп қаптата береді», – деген тіл зерттеушісі М. Балакевтың тұжырымына да терең үйіле қарағанымыз жөн болар [2, 65-66].

Ғалым қазіргі тілдегі өрескел қателіктерге, сөз бұзушылыққа ренішін білдіре отырып, сынайды. Шынында тіл мәдениеті сөздің қордың көптігімен өлшенбейді, сол сөздерді орынды пайдалана білу дағдысымен бағаланады. Сөз мағынасы мен мәнін тереңінен түсіну, әдеби және әдеби емес сөздерді ажырата білу, тіл тазалығына мұқият болу дағдылары тілге жаны ашыған әр адамның бойында дамитын қасиеттер болмақ. Ой – айқын, сөз – орынды, мазмұн – ұғынықты болған кезде тілдің мәртебесі өседі.

«Жасанды сәнқойлық, сірескен «сымбаттылық», нәрсіз ойнақылық, тілдің табиғи өрісінен аулақ кеткен «жаңалық», бәрі де біздің дәстүрімізге жат нәрселер. Тілдегі сонылықтың, сұлулықтың белгісі – халықтық даналыққа негізделген қарапайымдылықта, түсініліктігінде, оның жүрекке жылылығында және басқаға етер әсерінде» дегендей, жасанды сөздер тіл болашағына үлкен қатер төндіреді [2, 554].

Қазақстан көпұлтты мемлекет деген ұранды жалаулатып, орыс тілінің мәртебесін асырып жібергеніміз ұлтқа сын да шығар, бірақ бұл дағдыдан айырылудың көкжиегі біздің ел үшін әлі алыс. Орыс тілінің беделін арттырып отырған қоғамдық ортада мемлекеттік тілдің абыройын жоғарылату – жастарға міндет. Бір қуанарлығы – бүгінгі таңда қазақ тілін меңгеруге ден қойған жастарымыздың қатары көбейіп келе жатқандығы. Бүгінгі жастардың басқа тілдерді үйренуге деген талпыныстары да

құптарлық. Бірақ ана тіл өзге тілдің көлеңкесінде қалмасын деген қағиданы да ұмытпаған абзал. Ана сүтімен ұлтының тілін емес, өзгенің тілін бойына сіңіріп алған азаматтарымыз аз емес. Бұл, әрине, қоғамдық өмірде туындаған мәселе, оның себеп-салдарына айтылар сын жетерлік. Тілдегі бірлікті, тілдің тұтастығын елдегі ынтымақтың кепілі деп қана қарамауымыз керек. Тілді сақтайтын да, құртатын да – халық.

«Жер жүзінде тілді дағдарыстан, құрып кетуден құтқаратын – зиялы қауым. Еврейдің көне тілі – ивритті, қазіргі чех тілі секілді сан алуан тілдері құтқарған өзге емес, зиялылар мен зерделілер екені бізге тарихтан жақсы таныс», – деген тұжырымды ой елегінен өткізсек, қазақ тілінің де тағдыры қыл ұшында тұрған кезде оны сақтап қалатын зиялы қауым табылған болатын [3, 102].

Қазақ тілін таза, бұзылмаған қалпында сақтау үшін А. Байтұрсынұлының баланы әуелі өзінің ана тілінде оқытуға, содан кейін басқа тілдерді үйретуге берген ақыл-кеңесінің айтылғанына ғасыр болса да ұлағаттылығын жоймайды. Ана тіліне қанығып өскен бала ғана кейіннен меңгерген тілдерінің ықпалына бой алдырмайды.

«Тұлғаның нақты іс-әрекетте жоғары жетістікке жетуі үшін бір нәрсе қажет болса, сол – жеке адамның психологиялық ерекшелігін танытатын қабілеттілік, қабілеттілігі болмаған адамның ана тілді болуы да неғайбыл, көбіне жарты тілді болып келеді. Қабілеттілік әр жаста әртүрлі. Адам пайдалы білімді жас кезде меңгереді», – дейді әлеуметтанушы [3, 120]. Осы пікірлерді саралай қарасақ, қазіргі жастар қазақ тілінің дамуына да, керісінше шұбарланып, өз әлеуетін төмендетуге де үлкен әсер ететінін көреміз.

Айтылмақ ойды, көкейдегі сөздерді әсерлі жеткізу тілдің мәдениетін танытады. Қазіргі әлеуметтік желілер мен БАҚ қазақ тілінің дамуына оң ықпал етуімен қатар, кей жағдайда тілдің мәртебесіне кері әсерін тигізіп жатады. Тағы бір айта кететін жайт, орыс тілді мектептерде оқитын оқушыларға тілді меңгеруге қойылатын талап көтерілмей отыр. Мемлекеттік тілде екі сөздің басын құрай алмайтын оқушының аттестатында қазақ тілінен төмен баға қойылмай, мектепті үздік бітіріп шығуына мүмкіндік беріледі.

Ал жоғары оқу орнының бағдарламасында қазақ тілін үйрету бір жыл ғана. Орыс тілді топтарда жүргізілетін қазақ тілі курсының сағат саны тым аз. Осыдан студенттердің тілдік құзыреттілігіне қойылатын талап төмен екендігін мойындаудан басқа амал қалмайды. Тіпті, ұлты – қазақ, білімді орысша алатын өзіміздің қаракөздеріміз «үйде бәріміз орысша сөйлейміз, мектепте тек грамматика оқыдық, тест үлгілеріне дайындалдық, сыныпта қазақша сөйлемейтін едік, т.б.» деген сияқты жауаптармен ақталады. Ал еліміздегі оқу орындары мектеп қабырғасында он жыл оқып келген адамды қазақ тілін орташа және одан жоғары деңгейде біледі деп қабылдап, әрі қарай білімдерін кеңейтуге аз уақыт бөледі.

Алғашқы сабақтарда-ақ студенттердің мемлекеттік тілімізді қаншалықты меңгергендігі айқындалып қалады. Оларға еркін сөйлеу, жылдам сұрақтар қойып, әдеби тіл нормасына тән сауатты жауап беру талаптары қойылады. Қазақ тілінде сөйлеу өз алдына, берілген тапсырмалар мен талаптар үдесінен шыға білу өзінше өлшем екендігін түсіне бермейді. Білім алушылар тілді меңгеру барысында дұрыс сөйлеу, сөздерді сауатты да орынды қолдану, жазба жұмыстарын жетілдіру дағдыларын үйренеді. Сөйлеу мәдениетімен қоса, аудиториядағы және өздік жұмыстардағы ізденушілік, ғылыми, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.

Шынын айту керек, шет тілдерін жақсы білетін жастардың қазақ тілін меңгеру деңгейін сынға алсаң, көңілің күйінеді. Қарым-қатынас тіліне орысша немесе ағылшын тілдерін тандап, қазақ тілінің базалық деңгейін меңгере алмай тұрған студентіңе ашу-ызанды сездіргің келеді.

Қазақ тілі қарым-қатынас құралы ретінде аясын тарылта берсе, арты жақсылыққа апармайды. Демек осындай өткір мәселені білім алушы жастардың өзіне ұсына отырып, шешімді жолдарды бірге табуға тырысқанымыз жөн.

Зерттеу нәтижелері

Тілдік қарым-қатынас – қоғамдық өмірдің даму көрсеткіштерінің бірі. Егер біз Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп заңды түрде көрсетсек, оның іс жүзінде орындалуы барша азаматқа сын. «Қазақ ұлты басқа ұлттар секілді ғасырлар бойы жинақталған ой-тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін тілінде ғана көрсете білген. Олар халық өмірінің, тұрмысының, мәдениетінің ортақ сипаты ретінде тұтас құрылымдық жүйе құрайды. Тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Сондықтан тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті [4, 317].

Демек, өркениетті ел боламыз десек, тіл мәдениетін сақтау мен дамыту әрекеттері жалпы ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде халықтық сипатқа ие болуы керек. Тілші-ғалым Р. Сыздық айтқандай, «Сөз қолданыстағы жалпы әдеби тіл нормасынан ауытқу әдеби тілден тыс тұрған элементтерді – диалектизмдерді, қарапайым жай немесе дөрекі сөздерді, жаргондары пайдаланудан көрінеді. Бұлардың көбін нормадан жөнсіз ауытқу деп санауымыз керек. Сөздің өзге сөздермен тіркесу нормасын бұзу – білместіктен, жауапсыздықтан болатын құбылыс» [5, 210].

Мақаладағы айтар ойдың түйіні – жастардың тіл мәдениетін дамыта отырып, тілдік қарым-қатынастың аясын кеңейтіп, тілдің орынсыз ауытқуларын жойып, оның өміршендігің бағдарлау болмақ.

Талқылау

Жұмысымызда сөздерді дұрыс қолдану мәдениетіндегі басты ұстаным – тіл тазалығы екендігін талдадық. Ұлы Абайдың «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деген ұлағаты ойдың сыртқы пішіні сөз екендігін мойындатады.

Осы мақсатты жүзге асыру үшін студенттердің сыни ойлай білу дағдысын қалыптастырып, ойын сыртқа түсінікті жеткізу құралы сөз екендігін түсіндіретін тәсілдерді өздік жұмыстарды орындату арқылы ұсындық. Жастардың көзқарасы қандай, өздеріндегі кемшіліктерге айтар уәжі не болмақ, шешу жолдары қалай болады, осы тапсырмалар негізінде топтық жұмыс берілді. Енді сол тапсырманы орындаған кейбір студенттердің жұмыстарына шолу жасап өтелік.



Бұл слайдта студенттердің сөйлеу мәдениетіне ерекше назар аударғаны байқалады. Олар әдеби нормаға сәйкес сөйлей білуге тырысады, жаңа сөздер мен тіркестердің мағынасын тарқатып, тілдік тазалыққа мән береді.

Қазіргі жастар өзара әңгімеде жаргон, сленг сөздерді жиі қолданады. Бұндай сөздерді кейде ересек адамдардан да естіп жатамыз. Студенттер өздерінің күнделікті тілдік қолданыста жүрген сөздері мен сөз тіркестерінің дұрыс баламасы қандай екендігін мына слайдта жасыл түспен көрсеткен.

Қазақ тіліндегі жастар сөзі:

Жастардың сөйлеу мәдениетінде көзге түсетін, құлаққа жағымсыз да естілетін, өзіне тән тілдік ерекшелігі байқалатын тілдік элементтер бар. Сілдей ерекшеліктердің бірі – жаргон, сленг сөздер. Қазіргі жастардың сленг және жаргон сөздеріне мысалдар көп.




Жындыларский зат-	күшті зат
Базар жоқ –	сөз жоқ
Ағаш болу –	икемсіз болу
Бұқаланба –	ашуланба
Тілге жатып алытты –	шешен, әңгімені жақсы айтады
Қуашы –	бос әңгіме, болмайтын нәрсе айтқанда қолданады
Ауру –	адамға маза бермейтін адам
Миды шіріту –	көп сөйлеу
жырттылу –	жабайылдана күлу
Базар бар ма? –	әңгіме бар ма?

Бұл слайдтан байқағанымыздай, бүгінгі таңда «сәнді» блып көрінетін сөздер мен тіркестердің көбейіп келе жатқандығын, оның дұрыс мағынасы әлсізденіп, қойыртпақ мәні күшейе түскендігін көреміз.


Бертінде пайда болып, кейіннен жалпы сипат алған, орыс тілінен енген сөздерді жастардың қалай қолданып, сол әрекеттері арқылы қазақ тілін шұбарлап жүргеніне назар аударайық.

Орысша араластырып сөйлеу:




Жиза - өмірлік жағдай	Инет - ғаламтор желісі
Ору, жырттылу - жабайылана күлу	Чегуха - түк те емес
Типа - сол сияқты, таразді, секілді	Тренка - жаттығу
Забей - ұмыт, қоя сал	Братуха, братан, бро - бауырым, досым
Пати, тусовка - сауық кеші	Угар - күлкілі
ё моё - массаған, таң қалу	Пончик - толық адам
Суцряк - оусын	Халыва - демалыс
Зубрить - жаттап алу	Бухой - мас
Препоод - мұғалым, ұстаз	Олигарх, олигатор - бай
Общига - жатақхана	Танка - көлік
Тормоз - қолынан ештеңе келмейді деп кемсіту	Гламурный - сәнді
	Хавчик - тамақас

Бұл слайдтағы сөздерді студенттер жиі қолданатынын, тіпті солардың әсері осы қалпында күштірек екендігін алға тартты. Бұдан басқа ағылшын тіліндегі сөздер де көбейіп келеді. Оны студенттер келесі слайдта көрсетеді.



Ұсынылған мына слайдта әлеуметтік желілерде жастардың өзара тілдесу, хат жазу, хабарлама жіберу барысындағы тілдік әрекеттері берілген. Бұдан біз олардың тіл мәдениетінің төмендігін көреміз. Осылай жалғаса берсе, қазақ тілі өзінің асыл арнасынан ажырап, сауатсыздардың қолындағы әсерсіз құрал болу қаупі бар.



Бұлардан бөлек «бар го, айттым го», «койиши», «неістенатсын», «варажатрм» «раха (рахмет)» «дсм (досым)» секілді көптеген орынсыз сөздер қатары мол. Осы олқылықтарға қосымша БАҚ кейде қазақ тілінің әдеби нормасын өрескел бұзып, одан сайын қадірін түсіруде. Бұрын-соңды тілімізде болмаған «болып табылады», «күтілуде» дегендерге қосылып «жол көлік оқиғасы орын алды», «автобустың қатысуымен болған жол апаты», «президентпен қол қойылған», «екінші рет әке атанды», тағы басқа сорақы сөздер мен сөз тіркестері көбейіп барады. Оны студенттеріміз мынадай деректерді келтіру арқылы дәлелдейді.



Өзіміз де байқағанымыздай, қазіргі жастар қазақ тілінде қарым-қатынас жасау барысында өзге сөздерді қосып айту, тілімізде екпін түспейтін буындарға екпін беру, ағылшынша, орысша түйдек-түйдегімен сөз араластыру, төл дыбыстарды дұрыс айтпау нәтижесінде тілімізге кері әсер етуде. Олар жаңа әрі сәнді деп санайтын сөздерге оңай бейімделіп, кез келген «қолайлы» сәтте қолдануға тырысады. Солай өзгелерден өзінің

ерекше екендігін таныту мақсатын да көздейді, сленгтер мен жаргондарды құрдастарына әсер қалдыру ниетімен пайдаланатындарын жасырмайды.

Кейбірі елден ерекше болу мақсатында немесе өзгелер түсінбесін деген оймен де айтады екен. Тағы біреулері белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін жиі қолданатындығын айтты. Көбі әзіл ретінде де айта беретінін, солай жазса, бәрі тез түсінетіндіктерін алға тартты. «Жастар бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда тіл мәдениетіне нұқсан келтіре отырып, қолдана береді», – деген пікір өзектілігін жоймайды [7].

Бұқаралық ақпарат құралдарында тікелей аударма арқылы немесе өзге тілге еліктеу арқылы пайда боп жатқан жаңа сөздер көбейіп келеді. Олардың қатарында «мен бару керекпін», «сен айту керексің», «мен ойлаймын: бәрі жақсы болады деп», «тұман күтілуде», «күн райы» секілді толып жатқан, дұрыс емес оралымдар, сөз тіркестері мол. Бұларды қадағалайтын арнайы ұйымдардың болмауы да көңілді қынжылтады. Дегенмен, көркем шығармалар мен танымдық кітаптар оқу, қазақтың мақал-мәтелдері мен даналық сөздерін қолдану арқылы да қазақ тілін орынды да көркем қолданудың мәселесін шеше аламыз.

Қорытынды

Жұмысымызды қорытындылай келе, жастардың тіл мәдениетін сақтамауына бірнеше себеп бар екендігіне көз жеткіздік. Олардың негізгілеріне тоқталып өтсек, көркем әдебиеттерді оқымау, өзге тілдерге еліктеу, танымал блогер, әртістердің тілдік қолданыстарын қайталау, қате екендіктеріне назар аудармау, жаргон, селенг сөздерді өздерінше «сәнді» деп бағалау, әлеуметтік желілер мен БАҚ жариялайтын қате аудармалар мен қойыртпақ сөздерді тез сіңіріп алу секілді дағдылар.

Жастардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, ана тілін шұбарламауға көңіл бөлу керек. Теледидардағы бағдарламалар мен әлеуметтік желідегі ақпараттардың сапасын, сөздік қорын, тіліміздегі сөздердің дұрыс қолданылғанын саралау, жастардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын арттыру қажет. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу ұлттық болмысымызды мықты ететін негізгі құрал екендігін естен шығармағанымыз абзал.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
3. Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. - Алматы: Руханият, 2013. – 200 б.
4. Манкеева Ж. Тілтаным. - Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
6. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. - Алматы: Арыс, 2007. - 640 б.
7. Асылжанова А.Б. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті. // Молодой ученый. - 2020. - № 49 (339). - С. 587-590. <https://moluch.ru/archive/339/75972/>

References:

1. Baitұrsynūly A. Aq jol. - Almaty: Jalyn, 1991. – 464 b.
2. Balaqaev M. Qazaq til bilimniñ мәseleleri. - Almaty: Arys, 2008. – 592 b.
3. Hasanūly B. Memlkettik til: әleumet және jastar. - Almaty: Ruhaniat, 2013. –200 b.
4. Mankeeva J. Tiltanym. - Almaty: Arys, 2010. – 352 b.
5. Syzdyq R. Söz qūdireti. - Almaty: Sanat, 1997. – 224 b.
6. Bizaqov S. Sinonimder sözdığı. - Almaty: Arys, 2007. – 640 b.
7. Asyljanova A.B. Qazırgı jastardıñ söileu мәdenieti. // Molodoi uchenyi. - 2020. - № 49 (339). - S. 587-590. <https://moluch.ru/archive/339/75972/>

Information about the author:

Abduova B.S. – corresponding author, Professor of the Department of Practical Kazakh Language, Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University NPLC, Astana, Kazakhstan, email: Bayan1968@mail.ru